

89-ФӘЖИР СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Отыз аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.


Ағарған таңға, (1) Құрбан айының алғашқы он кешіне, (2) Әр жуп пен таққа, (3) Өткен түнге серт. (4) Бұлар, ақыл иелері үшін серт беруге арзымай ма? (5) (Мұхаммед F.C.) Раббыңның Ғад қауымына не істегенің көрмедің бе? (6) Ұзын діңгекті "Ирам" қаласындағыны; (7) Сондай ол тәрізді қалаларда

жасалмаған еді. (8) Сондай-ақ ойпаттарда жартастарды ойған Сәмүд еліне (не істегенін. 7-С. 74-А., 15-С.72-А., 26-С.149-А.) (9) Ол қазықшы Перғауынға (не істегенін. (28-С. 12-А.)) (10) Сондай олар, мемлекеттерде шектен шыққан еді. (11) Сонда олар, ол жерде бұзақылықты көбейткен еді. (12) Сондықтан Раббың оларға азап қамшысын жаудырды. (Азапқа ұшыратты.) (13) Негізінде Раббың әлбетте бақылаушы. (14) Ал енді адамзат, қашан Раббы оны сынап сыйлап, игілікке бөлесе: "Раббым мені сыйлады" дейді. (15) Қашан оны сынап, несібесін тарайтса: "Раббым мені қорлады" дейді. (16) Жоқ олай емес. Сендер жетімге құрмет етпейсіңдер. (17) Бір-біріңді, міскінді тамақтандыруға қызықтырмайсыңдар. (18) Мирасты тұтас жеп аласыңдар. (19) Сондай-ақ малды өте-мөте жақсы көресіңдер. (20) Тіпті олай емес. Жер соғылысып, быт-шыт болған сәтте, (21) Раббың елестеп, періштелер сап-сап болған кезде, (22) Сол күні, тозақ келтіріледі де әрі сол күні, адамзат түсінеді. Ол түсінуден оған не пайда? (23)

Әттең! Тіршілігім үшін бір нәрсе жіберген болсам еді" дейді. (24) Сонда, сол күні, ешкім Алланың істеген азабын істей алмайды. (25) Сондай-ақ ешкім Оның матауын матай алмайды. (26) Әй орныққан нәпсі! (27) Раббыңа, Ол сенен, сен Одан разы болған түрде қайт! (28) Енді құлдарымның арасына кір! (29) Сондай-ақ жаннаттыма кір! (30)

90-БӘЛӘД СҮРЭСІ

Меккеде түскен. Жиырма аят.
Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
Жоқ, осы (Мекке) қаласына ант етемін; (1) (Мұхаммед F.C.) сен осы қалада отырасың. (2) Әкеге, балаға (Адам F.C. мен балаларына) серт! (3) Расында адамзатты әбігер жараттық. (4) Өзіне біреудің күші жетпейді деп ойлай ма? (5) "Толып жатқан мал ысырап еттім" дейді. (6) Оны біреу көрмеді деп ойлай ма? (7) Оған екі көз жаратпадық па? (8) Әрі бір тіл, екі ерін? (9) Оған екі жол көрсетпедік пе? (10) Сонда ол,



көдергіні асуға тырыспады. (11) Көдергінің не екенің қайдан білесің? (12) Ол; құл азат ету, (13) Немесе ашаршылық күнде тамақтандыру; (14) Жақындығы болған бір жетімді, (15) Немесе шаң топырақтағы сорлыны. (16) Сосын иман келтіріп, бір-біріне сабыр меңзегендерден және өзара мейірімділік кеңесін бергендерден болу. (17) Міне осылар; оңшылдар. (18) Сондай аяттарымызға қарсы шыққандар, олар; солшылдар. (19) Олар тозаққа қамалады. (20)